

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

4

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

JULY
ИЮЛЬ
ШІЛДЕ

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., академик (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., академик (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лунашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Моход Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., академик (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., академик (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., academician (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., academician (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

B. Zh. Paridinova

University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan,
E-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

HUMAN CAPITAL: CONCEPT, CONTENTS, ESSENCE

Abstract. In the conditions of globalization quality and potential of the human capital gained key values for welfare and quality of life of society, the state and the international community. The human capital is considered as force of modern knowledge economy, which answers the demands of changes of world civilization.

The essence of the human capital consists that it is a factor and the purpose of development of the personality, family and society. The human capital makes a basis of national wealth of each country. Therefore its structure, quality and dynamics development are caused by national peculiarities spiritual culture, civilization of peoples and states.

As we know, the fourth priority in the Message of the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the nation «Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness» is improvement of quality of the human capital. In our opinions this priority updates research works on questions of development of the human capital quality.

Research purpose is to clarify the basic concepts, contents and essence of the human capital. Object of the research is peculiar features of the human capital. The subject of the research appeared theoretical reasons for the research of problems of concept, contents and essence of the human capital.

Keywords: investment, education, scientific precondition of a concept human capital, modern social and economic development, Address.

ӨОЖ 177

Б. Ж. Паридинова

Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан

АДАМИ КАПИТАЛ: ТҮСІНІГІ, МАЗМҰНЫ, МӘНІ

Аннотация. Жаһандану шарттарында адами капиталдың сапасы мен әлеуеті қоғам, мемлекет және халықаралық қауымдастық өмірінің әл-ауқаты мен сапалық көрсеткіштерінде түйінді мағыналар иеленіп отыр. Адами капитал әлемдік өркениет өзгерістерінің сын-тегеуріндеріне жауап беретін заманауи білім экономикасының күш-қуаты ретінде қарастырылады.

Адами капиталдың мәні тұлға, отбасы және қоғам дамуының факторы мен мақсатында жатыр. Адами капитал әрбір мемлекеттің ұлттық байлығы негіздерін құрайды. Сондықтан оның құрылымы, сапалық белгілері мен даму серпінділігі халықтар мен мемлекеттердің рухани мәдениеті мен өркениетінің ұлттық даму ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Баршамыз білетіндей, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауының төртінші басымында адами капитал сапасын жақсарту болып табылады. Біздің ойымызша, берілген басымдық адами капитал сапасының дамуы мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының өзектілігін арттырады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – адами капиталдың негізгі түсініктері, мазмұны мен мәнін анықтау. Зерттеудің нысаны ретінде адами капиталдың өзіндік белгілерін айқындау саналады. Жұмыстың пәні ретінде адами капитал түсінігі, мазмұны мен мәні мәселелерін теориялық негіздеу болып табылады.

Түйін сөздер: инвестиция, білім, адами капитал ұғымының ғылыми алғышарттары, заманауи әлеуметтік-экономикалық даму, Жолдау.

Кіріспе. Қазіргі таңда ғалымдар әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылым, қоғамдық-шаруашылық өмір институттары капиталдарын жаңарту ресурстарын зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарға мән беріп келеді. Мемлекеттің экономикалық жүйесі терең құлдырауға ұшыраған жағдайда қоғам мен ел арасындағы түбегейлі ажырау орын алатындығы анық. Өйткені, өсімнің селқостық стратегиясы мемлекетті артқа жетелесе, инновациялық жаңғырту стратегиясын көздеген елдер ілгері дамиды. Дағдарыстық ахуал әлемдік экономиканы күрделі қайта құрулар мен көшбасшылар өзгерістерін қалыптастырудың негізін қалайды. Сондықтан дағдарыс жағдайында қабылданған дұрыс стратегиялық шешімдер көп жылдардың табыстық көрсеткішін қамтамасыз етеді.

Бүгінде адами капитал туралы бизнес және саясат өкілдері, қоғам қайраткерлері арасында түрлі көзқарастар қалыптасу үстінде. Жоғары табыс нәтижелері нақты қаражат көздерімен бекіген тұста ғана өз жемісін беретіндігі айқындалып отыр. Ал кері жағдайда ол тиімсіз салдар туғызатындығы белгілі. Сондықтан берілген мәселені ғылыми тұрғыдан сараптаудың да маңыздылығы жоғары деп санаймыз.

Жаңа заманауи шарттарда адами капитал теориясы адам дамуы тұжырымдамасы шеңберінде дамиды. Жаңа түсініктерге сәйкес, адамның дамуы қоғамдық ілгерілеудің мақсаты мен өлшемі ретінде қарастырылады. Тұжырымдамалар бойынша адамзат дамуы барлық кешенді үдерістер құндылықтарын есепке алуы тиіс.

Жалпы адами капиталдың даму процесі мәселелері қалыптасып үлгерген ғылыми мектептерде төмендегідей өлшемдерде зерттеліп жатыр: экономикалық философия мен әлеуметтік экономика тұжырымдамалары–адамның кешенді дамуы теориялары, тұрғындардың мәдени және әлеуметтік капитал құндылықтарының дамуы теориялары; адам дамуының әлеуметтік-экономикалық тұжырымдамалары – білім беру әлеуетінің дамуы теориясы, жұмысшылардың тұтынушылық әлеуетінің дамуы теориясы; адами капитал дамуының экономикалық тұжырымдамалары – капитал теориясы, адами капитал теориясы.

Адами капиталдың дамуы экономикалық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік сипаттарға ие. Адами капиталдың экономикалық нәтижесінің өлшемдері: қызметкер еңбегі тиімділігінің өсімі, қызметкердің және ол еңбек атқаратын мекеме, аймақ пен қоғам табысының артуы. Әлеуметтік-экономикалық нәтиже өлшемдері: қоғамның әлеуметтік құрылымының жетілдірілуі. Нақтырақ айтар болсақ, жұмыссыздықтың азаюы, кәсібиліктің артуы, жоғары кәсіби мамандардың сандық және сапалық жағынан өсімі. Әлеуметтік нәтиже еркін және бақытты тұлғалар санының дамуымен өлшенеді. Сонымен қатар, әлеуметтік топтар мен еңбек ұжымы мәдениетінің дамуы да негізгі көрсеткіш ретінде саналады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының әдістемелік және теориялық негізін шет елдік ғалымдардың еңбектері, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы Қазақстан халқына жолдауы құрайды. Ретроспективті және салыстырмалы тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелі-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері нәтижелерге жетуге арқау болды. Зерттеудің міндеттері танымның жалпы ғылыми әдістері мен пәнаралық тәсілдерді қолдану негізінде ашылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Адами капитал түсінігі адамзат дүниеге келгеннен бастап қалыптасты деуімізге негіз бар. Өз заманының ойшылдары ғылыми еңбектеріндегі көзқарастарында адами капитал ұғымын нақтылап ашып көрсетпесе де, білімге жұмсалған уақыт пен қаржы түбі табыс әкелетіндігін насихаттап отырған.

Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбар адамзат баласын жамандықтан тыйып, жақсылыққа жетелейтін хадистерінде (126): «Ғалымды Қытайда болса да іздеп барып үйреніңіз. Ғылым іздеу – әр адамның парызы. Жолдың қашықтығына, халықтың жаттығына қарамаңыз. Ғылымды қайдан көрсеңіз де сол жерге барып үйреніңіз» [1], - деп атап көрсетеді.

Білім құндылығы туралы қазақ мақал-мәтелдерінде де насихатталады: «Ақыл - тозбайтын тон, Білім – таусылмайтын кен», «Білім арзан, білу қымбат», «Екпей егін шықпас, Үйренбей білім жұқпас», «Алтын алма, білім ал», «Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір», «Білім басы - бейнет, соңы - зейнет», «Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ», «Оқу инемен құдық қазғандай», «Оқу - білім азығы, Білім - ырыс қазығы», «Оқу - білім бұлағы, Білім - өмір шырағы», «Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні қаріп», «Туа білмейді, жүре біледі», «Қарғыстың ең жаманы: Өзің білме, білгеннің тілін алма».

Түсініктің ғылыми маңыздылығына ғалымдар мен қоғам мүшелерінің назар аударуы ХХ ғасырдың орта тұсында ұлғайды. Бүгінде ұғым адамның туа біткен және тәжірибеде үйренген дағдысымен қатар, мемлекет пен отбасының тұтынушылық шығындары негізінде адам дамуына берілген инвестиция ретінде бағаланады. Қоғамның әлеуметтік-мәдени, экономикалық дамуына ықпал ететін рөліне де назар аударылады. Мәселен, неміс классикалық философиясының өкілі Г. Гегель [2] дамуды кеңістік барысындағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың қозғалысы мен өзгерістерін талдау арқылы зерттеуге болатындығы дәйектейді.

Адами ресурстарды ақшалай бағалау, дағдылар мен қабілет қорын есептеу туралы түсініктерді алғаш рет буржуазиялық классикалық саяси экономияның атасы У. Петти өзінің «Саяси арифметика» [3] атты еңбегінде айқындайды. Оның тұжырымдамасына сәйкес, патшаның мәртебесі халықтың саны, ептілігі мен еңбекқорлығына негізделеді. Қоғам байлығы адамдардың атқаратын қызмет түрлері және еңбекке қабілеттілігіне байланысты екендігін дәйектейді.

Берілген идея кейін танымал экономист, философ А. Смит [4] еңбектерінде дамыды. Оның пайымдауынша, еңбек өнімділігі жұмысшының жеке қасиеті, оның ептілігі мен икемділігіне байланысты. Мемлекет байлығын қалыптастыруда білім маңызды рөл атқаратындығын дәлелдеді.

Дегенмен, адами капитал түсінігі туралы алғашқы жарияланымдар өткен ғасырдың екінші жартысында американдық ғалымдар Т. Шульц [5] пен Г. Беккер [6] еңбектерінде жарық көрді. Ғалымдарға адами капитал теориясының негізін қалағаны үшін экономика бойынша Нобель сыйлығы берілді.

Адами капитал ұғымының алғышарттары бойынша кейбір тұжырымдарға мән берсек:

1. Адам болмысы қоғамдық қатынастар жарасымдылығы ретінде (К. Маркс) [7].
2. Экономикалық ғылым адамның барлық қызметтік және тұлғалық әлеуетін қамти алмайды (Дж. Милль) [8].
3. Кәсіпкерлік жаңа тиімді капиталдық әрекет жасампаздығының қызметі ретінде (Й. Шумпетер) [9].
4. Корпоративті мәдениетті жетілдіру шеңберіндегі адами капитал дамуының парадигмасы (Т. Дил, А. Кеннеди) [10].
5. Құндылық жүйесінің жаһандық мәселелері адами капиталды дамытудың түрі ретінде (Ф. Тромпенаарс, Ч. Хэмпден-Тернер) [11; 12].
6. Адами капитал қоғамның заманауи ахуалға әкелген қозғалыстардың қорытындысы (М.М. Критский) [13].
7. Адами капиталдың кереметтігі – бұл білім беруге құйылған инвестициядан жоғары табысты күту (Т. Шульц) [14].
8. Адами капитал – білім немесе тәжірибе арқылы берілген ақыл-ой қабілеті (Э. Долан и Дж. Линдсей) [15].
9. Адами капитал дамуының әлеуметтік-экономикалық процесі ақпараттық технологиялардың басымдығымен сипатталады (Н. Бонтис) [16].
10. Үйренуші ұйым тұжырымдамасы (Дж. Нейсбит) [17].
11. Адами капитал – уақытты үнемдеуге негізделген заманауи инновациялық экономикалық жүйенің қатынастары (Л.Г. Симкина) [18].

Берілген тұжырымдамаларды жиынтықтай келе, адами капиталдың дамуы ұзақ әрі күрделі процесс екендігі айқындалды. Бұл процесс әлеуетті өзгерістерге берілген инвестициялар нәтижесінде адами капиталды өзгертуді талап етеді. Оның дамуын адам еңбегін жүйелік өзгерістер шеңберіндегі білім беруге арналған қаражат деңгейінде қарастырып, адамның еңбек қабілеті мен қажеттіліктерін жетілдірумен тығыз байланыстылығы көрініп тұр. Бұл тұста адами капитал дамуының әлеуметтік-экономикалық процесі еңбек қатынастарындағы мәдениетпен ұштасатындығын айта кеткен жөн.

Демек, адами капиталдың өзге капиталдарға қарағандағы ерекшелігі – оның дамуы үшін үнемі инвестициялар бөлініп отыруы керек және салынған қаржының қайтарымы ұзақ мерзімді талап етеді. Адами капиталды қысқа мерзімде өзгерту мүмкін емес. Оның дамуы табиғи-географиялық шарттар, мәдениеттің генетикалық коды, әлеуметтік орта, тарихи және мәдени ерекшеліктер құндылықтарымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, әлеуметтік орта адами капиталды қалыптастырудың негізі болып табылады. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, зияткерлік

мәдениеттің төмен деңгейінде жоғары технологиялық экономикаға бөліген қаржы күтілетін нәтижеге жеткізбейді.

Адами капитал көп жағдайда адамдардың менталитеті, әл-ауқаты, өмір сүруінің сапасы мен қауіпсіздігі, білім және тәрбие беру жүйесінің тиімділігі, ғылым мен жоғары технологиялардың жетістігі, нарықтық экономика мен еркін бәсекелестікті құқықтық қамтамасыз ету, инновациялық қызмет, интеллектуалдық, этикалық, саяси, ақпараттық, құқықтық, басқару, экономикалық, медициналық және экологиялық мәдениет ахуалы ерекшеліктерімен байланысты. Сонымен бірге, сапа мен өнімділік көрсеткіштері маңызды саналатын жауапкершілік пен еңбек мәдениеті, денсаулық, жоғары деңгейде жұмыс жасауға ұмтылыс, жоғары білікті кадрлардың әлеуметтік және материалды-техникалық өмір шарттары да маңызды болып табылады. Ұлттық дамудың мүмкіндіктері мен қарқындылығына ықпал ететін серпінділікке зияткерлік элитаның әлеуеті мен қызметтік өнімділік себепші екендігі де анық [19].

Жалпы азаматтық қоғамның дамуы мен экономикалық еркіндікке ұсынылған қаржы азаматтардың жасампаз қимылдарын арттыруға, өмір сапасы өсімін ынталандыратын оңтайлы әрі сындарлы идеология, салауатты өмір салтын қалыптастыруға септігін тигізеді. Нәтижесінде бұл еңбек пен экономиканың тиімділігін арттырады. Сонымен бірге, тиімді инвестициялар жаңа жасампаз қоғам құру бағытындағы ұжымдық азаматтық сана, ұжымдық зерде қалыптастырады.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы Жолдауын [20] елімізді кейінгі ұрпақ үшін өркендеген елге айналдыруды көздеген маңызды құжат деп түсінеміз. Осыдан төрт жыл бұрын әлемді өршіген тұрақсыздық жағдайында «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі бағыттарының айқындалуы және «Нұрлы жол» экономикалық саясаты мен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының нәтижелі көрсеткіштері еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін көрсетпек. Сондықтан Қазақстанның үшінші жаңғыруы Жолдауда нақтыланған негізгі бес басымдықтарды жүзеге асыруда жатыр.

Жолдауда айқындалған бес басымдық және оны орындаудың кешенді міндеттері экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы жолдары, бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту мақсаттары, макроэкономикалық тұрақтылықты арттыру, адами капитал сапасын жақсарту және институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты нақты әрекеттерді іске асырудың жоспары болып табылады. Өйткені бұл Жолдау қазақстандықтардың қажеттіліктері мен мүддесіне негізделген және құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуына септігін тигізеді.

Елбасы ғылыми және инновациялық әлеуетімізді жоғары оқу орындары, Назарбаев Университеті және «Алатау» инновациялық технологиялар паркі базасында дамытуды ұсынды. Ғылыми әлеует іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізудің ресурстары мен шарттарының жиынтығы ретінде айқындалады. Өз кезегінде инновациялық әлеует өндірісте жаңа өнімдер мен технологиялар тиімділігін арттыратын ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін қолданыста игеруді қамтамасыз ететін ресурстар мен шарттар түрлерінің жиынтығы саналады.

Жалпы мемлекеттің заманауи әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның халықаралық нарықтағы бәсекелестіктің негізі ретінде қоғамның ақпараттық дәуірге өтуінің алғы-шарты болып табылатын ғылыми және инновациялық әлеует саналады. Жаңғыртылған технологияларды барынша кеңінен қолданатын ел ғана бәсекелік артықшылық иеленеді. Экономика үшін төтенше маңызды сауалдар шаруашылық қызметтің негізгі салаларындағы инновациялық даму басымдықтарын зерттеу мен болжауға сүйенеді. Сондықтан ғылыми сараптамалар мен зерттеулер мүмкіндіктерінің кешенді сипаттамаларына назар аударып, жүзеге асыру тетіктері мен тәжірибедегі көріністердің ықтимал нәтижелеріне мән беру қажет. Әсіресе, инновациялық дамудың маңызды әлеуетін жиынтықтап, ғылыми және инновациялық әлеуеттің теориялық негіздері мен негізгі қолданбалы қырларына мән берген жөн.

Әлемдік қауымдастықтағы жаһандану және интеграциялық процестердің орын алуы инновациялық дамуға ықпал ететіні заңды. Еліміздің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің негізгі жолы білім беру, оның ішінде жоғары білім беру жүйесін жоспарлы түрде құру болып табылады. Бүгінгі күнде ХХІ ғасырдың көшбасшы мемлекеті болу білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыруда жатыр. Білім әлемдегі барлық мемлекеттердің негізгі басымдықтарының бірі болып саналады. Сондықтан қазіргі бәсекелестік заман шарттарында жоғары білім беруді инновациялық дамытудың маңызы зор.

Кез келген жоғары оқу орнының табысты жұмысы білім беру қызметін жетілдіруді үнемі арттыру болып табылады. Сапалы білімнің мақсаты және мазмұнымен қатар, бітіруші студентті даярлауда оқытушылар құрамының кәсіби біліктілігі, студенттердің қабілеттілігін жоғарылатуға ықпалы мен ғылыми қызметке қызығушылығын арттыруында жатыр. Сондықтан Мемлекет басшысы осы Жолдауда жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының деңгейін бақылауды және талапты күшейтуді тапсырды.

Адами капитал сапасын жақсартуды басшылыққа алатын төртінші басымдықта білім беру жүйесінің рөлін өзгерту, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттілігі айқындалды. Қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, үш тілді оқуға кезең-кезеңімен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Білім беру жүйесімен бірге денсаулық сақтау жүйесін өзгерту қажеттілігі дәйектелді. Әлемдік тәжірибеде тиімділігін көрсеткен міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу арқылы қатысушыларға кең ауқымдағы медициналық қызметтер ұсынылатындығы белгілі болды. Бұл басымдықта әлеуметтік қамтамасыз ету саласы да сырт қалған жоқ. Зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек көрсету мәселелеріне байланысты Үкіметке берілген тапсырмалар анықталды.

Қорытынды. Дәйектелгендей, заманауи қазақстандық қоғам білімге негізделген әлеуметтік-экономикалық дамудың инновациялық жолын таңдады. Заманауи шарттарда ғылым, білім беру, әлеуметтік салаға бөлінген инвестициялар маңызды әлеуметтік-экономикалық мәнге ие. Сонымен қатар, ұдайы өндірісті кеңейту мен адами қабілеттілікті жиынтықтау, кәсіби құзіреттілік пен тұрғындардың экономикалық мүмкіндіктерін жақсартуға мүмкіндік жасайды. Сондықтан мемлекеттік және жеке қаражат бөлу адами капитал құрылымы, мазмұны мен сипаты, кәсіби білім, дағдылар иелену, тәжірибені тарату, интеллектуалды шығармашылық қабілетін дамыту, жоғары адамгершілік көрсеткіштерін күшейту секілді процестерді сапалық жетілдіруге бағытталуы тиіс деп ойлаймыз.

Адами капиталдың тұрақты дамуының мәні мен мазмұнын дұрыс танымай, заманауи шарттардағы қоғамдық даму тетіктері бойынша әзірлемелер дайындау жұмыстарын қамтамасыз ете алмайтындығымыз анық. Адами капиталдың даму процестері заңдылықтарын дұрыс түсіну арқылы біз заманауи әлеуметтік саясат тұжырымдамасының мүдделері, білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту салаларын шынайы әлеуметтік жоспарлау, еңбек қатынастарын реттеуді тиімді жүргізе аламыз.

Адами капиталдың қызметтік сипаттарына қарай түрлері мына бағыттар бойынша ерекшеленеді: денсаулық капиталы – кәсіби қызметке қажетті физикалық қуат, шыдамдылық, еңбекке қабілеттілік; интеллектуалды капитал – өндірушілік процесті терең тұрғыда қайта қарастыру және түбегейлі өзгерту; физикалық капитал – ғылым, білім, экономика, спорт салалары бойынша жүзеге асырылатын және адам ағзасының физикалық мүмкіндіктерін сапалық тұрғыдан жаңарту; эстетикалық капитал – әлемді эстетикалық тұрғыда қарау, жаңа эстетикалық-көркемдік ортаны ұйымдастыру.

Адами капиталды деңгейлік шектеу белгілерін қолдану арқылы қаржы жұмсаудың мынадай ерекшеліктерін айта аламыз: жеке – адами капиталды қаржыландыру жеке және отбасы бюджеті қаражаттың көзі болып табылады; аралас – адами капиталды қаржыландыру жеке және корпоративті көздерден беріледі; әлеуметтік – адами капитал жергілікті қауымдастық, аймақ тұрғындары, халықтың қаржысынан қалыптасады.

Даму ерекшеліктеріне байланысты адами капиталдың өлшемдері: ұғымды жаңа әдістер мен тұжырымдарға бағытталған ғылыми тұрғыда айқындау; жаңа технологиялар көмегімен қалыптасатын ұйымдастырушылық-технологиялық әдістер.

Сондықтан адам өзінің жеке әлеуетінің жемісін көрсету үшін келесі шарттарға сәйкес дағдылары болуы керек деген пікірдеміз: нарық талабына сай қалыптасқан қабілеттілік пен икемділіктің болуы; өз қуатын басқару үшін еркін болуы; өз материалды өмірін қамтамасыз етуде өзге әдістердің жоқтығы.

Қорыта айтқанда, берілген ғылыми-зерттеу жұмысында адами капитал түсінігінің негізгі белгілері, оның теориялық зерттелуінің тарихи тәжірибесі дәйектелді деп ойлаймыз. Адами капитал өлшемдерінің кеңінен танымал тәсілдеріне сараптама жүргізілді. Сонымен, адами капитал дегеніміз – әлеуметтік-мәдени ілгерілеуді қамтамасыз ететін және қоғамның негізгі қоры болып табылатын өндірістік және инновациялық қызмет.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Пайғамбар сөзі. – Қызылорда, «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығының Қызылордадағы филиалы, 1992. – 61 б.
- [2] Гегель Г.В.Ф. Философия истории. / Сочинения. – М., Л., 1935. – Т. 8. – С. 25-32.
- [3] Petty W. Political Arithmetick [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: <https://www.marxists.org/reference/subject/economics/petty/index.htm>
- [4] Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. / Пер. с англ., предисл. В.С. Афанасьева. – М.: Эксмо, 2009. – 956 с. – ISBN: 978-5-699-18389-0.
- [5] Shultz T (1968) Human Capital in the International Encyclopedia of the Social Sciences. N.Y. ISBN: 978-0-028-66152-0.
- [6] Becker G (1975) Human Capital. Columbia University Press, N.Y. ISBN: 0-226-04109-3.
- [7] Энгельс Ф. Людвиг Фейербах и конец классической философии. / С прил.: К. Маркс. Тезисы о Фейербахе. – М.: Политиздат, 1989. – 125 с. – ISBN: 5-250-00257-9.
- [8] Mill J.S. On the definition of political economy and on method of investigation proper to it. [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: http://www.marxistsfr.org/reference/archive/mill-john-stuart/1844/unsettled.htm#ESSAY_V
- [9] Шумпетер Й.А. Капитализм, Социализм и Демократия. – М.: Экономика, 1995. – 539 с. – ISBN: 5-282-01415-7.
- [10] Deal TE, Kennedy AA (1982) Corporate Cultures: The Rites and Rituals of Corporate Life. Reading, MA, Addison-Wesley. ISBN: 0-738-20330-0.
- [11] Turner CH, Trompenaars F (1993) The Seven Cultures of Capitalism: Value Systems for Creating Wealth in the United States, Japan, Germany, France, Britain, Sweden, and the Netherlands. Doubleday, N.Y. ISBN: 978-0-385-42101-0.
- [12] Trompenaars F, Hampden-Turner Ch (2012) Riding the Waves of Culture: Understanding Diversity in Global Business 3/E. McGraw-Hill Education. ISBN: 978-0-071-77308-9.
- [13] Критский М.М. Человеческий капитал. - Л.: Изд. ЛГУ, 1991. – 117 с. – ISBN: 5-288-00703-9.
- [14] Шульц Т. Ценность детей // Thesis. – 1994. - №6. – С. 43-69.
- [15] Долан Э.Д., Линдсей Дж. Рынок: микроэкономическая модель. – СПб.: Печатный Двор, 1992. - 496 с. – ISBN: 5-7062-0029-7.
- [16] Bontis N. (1999) Managing organizational knowledge by diagnosing intellectual capital: framing and advancing the state of the field, *International Journal of Technology Management*, 18:433-463.
- [17] Нейсбит Дж. Мегатренды. / Пер. с англ. М.Б. Левина. – М.: АСТ Ермак, 2003. – 380 с. – ISBN: 5-9577-0016-9.
- [18] Симкина Л.Г. Человеческий капитал в инновационной экономике. - СПб.: СПбГИЭА, 2000. – 151 с. – ISBN: 5-88996-175-6.
- [19] Паршина Н.В. Человеческий капитал: сущность, содержание, особенности // Мир современной науки. – 2013. - №3. – С. 68-69.
- [20] Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 31 қаңтар.

REFERENCES

- [1] Pajgambar sozi. Kyzylorda, Murattas gylimi-zertteu zhane baspa ortalygynyn Kyzylordadagy filialy, 1992. 61 b. (In Kaz.).
- [2] Gegel' G.V.F. Filosofija istorii Sochinenija. M., L., 1935. T. 8. S. 25-32. (In Russ.).
- [3] Petty W. Political Arithmetick. Jelektrondyk resurs. Koru rezhimi: <https://www.marxists.org/reference/subject/economics/petty/index.htm> (In Eng.).
- [4] Smit A. Issledovanie o prirode i prichinah bogatstva narodov. Per. s angl., predisl. V.S. Afanas'eva. M.: Jeksmo, 2009. 956 s. ISBN: 978-5-699-18389-0. (In Russ.).
- [5] Shultz T (1968) Human Capital in the International Encyclopedia of the Social Sciences. N.Y. ISBN: 978-0-028-66152-0. (In Eng.).
- [6] Becker G (1975) Human Capital. Columbia University Press, N.Y. ISBN: 0-226-04109-3. (In Eng.).
- [7] Jengel's F. Ljudvig Fejerbah i konec klassicheskoy filosofii. S pril.: K. Marks. Tezisy o Fejerbahe. M.: Politizdat, 1989. 125 s. ISBN: 5-250-00257-9. (In Russ.).
- [8] Mill J.S. On the definition of political economy and on method of investigation proper to it. [Jelektrondyk resurs]. Koru rezhimi: http://www.marxistsfr.org/reference/archive/mill-john-stuart/1844/unsettled.htm#ESSAY_V (In Eng.).
- [9] Shumpeter J.A. Kapitalizm, Socializm i Demokratija. M.: Jekonomika, 1995. 539 s. ISBN: 5-282-01415-7. (In Russ.).
- [10] Deal TE, Kennedy AA (1982) Corporate Cultures: The Rites and Rituals of Corporate Life. Reading, MA, Addison-Wesley. ISBN: 0-738-20330-0. (In Eng.).
- [11] Turner CH, Trompenaars F (1993) The Seven Cultures of Capitalism: Value Systems for Creating Wealth in the United States, Japan, Germany, France, Britain, Sweden, and the Netherlands. Doubleday, N.Y. ISBN: 978-0-385-42101-0. (In Eng.).
- [12] Trompenaars F, Hampden-Turner Ch (2012) Riding the Waves of Culture: Understanding Diversity in Global Business 3/E. McGraw-Hill Education. ISBN: 978-0-071-77308-9. (In Eng.).
- [13] Kritskij M.M. Chelovecheskij kapital. L.: Izd. LGU, 1991. 117 s. ISBN: 5-288-00703-9. (In Russ.).
- [14] Shul'c T. Cennost' detej. Thesis, 1994, 6, S. 43-69. (In Russ.).
- [15] Dolan Je.D., Lindsej Dzh. Rynok: mikrojekonomicheskaja model'. SPb.: Pechatnyj Dvor, 1992. 496 s. ISBN: 5-7062-0029-7. (In Russ.).
- [16] Bontis N. (1999) Managing organizational knowledge by diagnosing intellectual capital: framing and advancing the state of the field. *International Journal of Technology Management*, 18, 433-463. (In Eng.).
- [17] Nejsbit Dzh. Megatrendy. Per. s angl. M.B. Levina. M.: AST Ermak, 2003. 380 s. ISBN: 5-9577-0016-9. (In Russ.).

[18] Simkina L.G. Chelovecheskij kapital v innovacionnoj jekonomike. SPb.: SPbGIIeA, 2000. 151 s. ISBN: 5-88996-175-6. (In Russ.).

[19] Parshina N.V. Chelovecheskij kapital: sushhnost', sodержanie, osobennosti. *Mir sovremennoj nauki*, 2013, 3, S. 68-69. (In Russ.).

[20] Nazarbaev N.A. Kazahstannyn ushinshi zhangyruy: zhahandyk basekege kabilettilik. Kazahstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyn Kazahstan halkyna Zholdaуy. Egemen Kazahstan, 2017, 31 kantar. (InKaz.).

Б. Ж. Паридинова

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ: ПОНЯТИЕ, СОДЕРЖАНИЕ, СУЩНОСТЬ

Аннотация. В условиях глобализации качество и потенциал человеческого капитала приобрел ключевые значения для благосостояния и качества жизни общества, государства и международного сообщества. Человеческий капитал рассматривается как сила современной экономики знаний который отвечает на вызовы изменениям мировой цивилизации.

Сущность человеческого капитала состоит в том, что он является фактором и целью развития личности, семьи и общества. Человеческий капитал составляет основу национального богатства каждой страны. Поэтому его структура, качество и динамика развития обусловлены национальными особенностями духовной культуры и цивилизации народов и государств.

Как мы все знаем, четвертым приоритетом в Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» является улучшение качества человеческого капитала. По нашему мнению, данный приоритет актуализирует научно-исследовательские работы по вопросам развития качества человеческого капитала.

Цель исследования - выяснить основные понятия, содержание и сущность человеческого капитала. Объектом исследования являются специфические черты человеческого капитала. Предметом исследования выступает теоретическое обоснование исследования проблем понятия, содержания и сущности человеческого капитала.

Ключевые слова: инвестиция, образование, научные предпосылки понятия человеческого капитал, современное социально-экономическое развитие, Послание.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 21.07.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
11,75 п.л. Тираж 2000. Заказ 4.